



Қазақстан
Республикасының
Көлік министрлігі

Қазақстан
Республикасының
Қаржы министрлігі

Қазақстан
Республикасының
Цифрлық даму,
инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі

Астана қ.
2024 жылғы
«13» 03
№ 111

Астана қ.
2024 жылғы
«13» 03
№ 140

Астана қ.
2024 жылғы
«13» 03
№ 143/мз

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 17 сәуірдегі № 262, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 18 сәуірдегі № 394 және Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 18 сәуірдегі № 158/НҚ бірлескен бұйрығына «Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағы бойынша жол жүруге рұқсат беру» өзгерістер енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 17 сәуірдегі № 262, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 18 сәуірдегі № 394 және Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 18 сәуірдегі № 158/НҚ бірлескен бұйрығына «Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағы бойынша жол жүруге рұқсат беру» өзгерістер енгізу туралы (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік реестрінде №32333 тіркелген).

1-ші тармақ мындай редакцияда жазылсын:

«1. Алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап 2025 жылғы 1 маусымға дейінгі кезеңде «Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық

шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағы бойынша жол жүруге рұқсат беру» мемлекеттік қызметті көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) бойынша пилоттық жоба іске асырылсын.

Осы пилоттық жоба 1993 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімге (бұдан әрі – 1993 жылғы 5 сәуірдегі Келісім) де қолданылады.»;

5-ші тармақ мындай редакцияда жазылсын:

«5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен.

1) осы бірлескен бұйрықтың техникалық іске асырылуын;

2) пилоттық жоба аяқталғаннан кейін Қытай Халық Республикасының «С» түріндегі берілген және қайтарылған шетелдік рұқсаттар бойынша тарихи деректерді Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетіне беруді қамтамасыз етсін.»;

«Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағы бойынша жол жүруге рұқсат беру» мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру туралы, көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген:

3-ші тармақ мындай редакцияда жазылсын:

Шетелдік рұқсаттарды беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі пилоттық жоба бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап 2025 жылғы 1 маусымға дейінгі кезеңде Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасымен кедендік шекарасындағы мынадай:

1) Достық-авто (Жетісу облысы);

2) Нұр Жолы (Жетісу облысы);

3) Көлжат (Алматы облысы);

4) Бақты (Абай облысы);

5) Майқапшағай (Шығыс Қазақстан облысы) өткізу пункттерінде іске асырылады.

13-ші тармақтың алтыншы бөлігі мындай редакцияда жазылсын:

Шетелдік рұқсат бланкі автокөлік құралы Қазақстан Республикасынан шыққан жағдайда өтелген (пайдаланылған) болып есептеледі және мұндай бланкілер Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық органдарына және көрсетілетін қызметті берушіге қайтаруға жатпайды. Көрсетілген бланкіні қайта пайдалануға жол берілмейді.».

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетімен және Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитетімен бірлесіп, осы бірлескен бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін көлік, қаржы, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктерінің ресми интернет-ресурстарында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі және қаржы жетекшілік ететін вице-министрлеріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш
өнеркәсібі министрі
_____ Б. Мусин



Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
_____ М. Такиев

Қазақстан Республикасының
Көлік министрі
_____ М. Қарабаев



«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрілігі